# НҰРА

Еженедельная газета Нуринского района

№ 22(4631)
СУББОТА,
27 мая
2000 года

Газета издается с 1 мая 1963 года | ГАЗЕТА ВЫХОДИТ НА КАЗАХСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ | ЦЕНА ДОГОВОРНАЯ


## Қарағанды облысы әкімінің ШЕШІМІ

№ 77 15.05.2000 ж.

### Облыс әкімінің 2000 жылғы 10 ақпандағы № 11 "2000 жылға арналған адрестік әлеуметтік көмек көлемін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 шілдедегі № 1036 "Адрестік әлеуметтік көмек көрсетудің Уақытша ережелерін бекіту туралы" Қаулысын орындау және кәмелетке толмаған балалары бар, аз қамтамасыз етілген отбасыларын әлеуметтік қорғау мақсатында:

1. № 1 "а" тармағының бірінші бөлігі "3 жастан 18 жасқа дейін - 50 %" сөзінен кейін "2000 жылғы 1 мамырдан бастап 3 жасқа дейінгі балаларға - 100 %, 3-тен 18 жасқа дейін - 100 % " сөздерімен толықтырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.Б.Қабжановқа жүктелсін.

**К.МҰХАМЕДЖАНОВ,**
**облыс әкімі.**

## Решение акима Карагандинской области

№ 77 от 15.05.2000 г.

### О внесении изменений в решение акима области № 11 от 10.02.2000 г. "Об утверждении размеров адресной социальной помощи на 2000 год".

Во исполнение постановления Правительства РК № 1036 от 22.07.99 г. "Об утверждении Временных правил оказания адресной социальной помощи" и в целях социальной защиты малообеспеченных семей, имеющих несовершеннолетних детей:

1. Дополнить часть первую пункта № 1а после слов "от 3-х до 18 лет – 50%" словами "с 1 мая 2000 г. на детей в возрасте до 3-х лет – 100%, от 3-х до 18 лет – 100%".

2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на заместителя акима области Кабжанова Х.Б.

**К. МУХАМЕДЖАНОВ,**
**аким области.**

*В РАЙОННОМ АКИМАТЕ*

## ОПРЕДЕЛЯЯ ОСНОВНЫЕ ЗАДАЧИ

22 мая в акимате района состоялось совещание, посвященное вопросам борьбы с преступностью и коррупцией, на котором присутствовали руководители организаций и предприятий, акимы сел, работники правоохранительных органов, прокуратуры, налогового комитета и т.д. Аналогичные совещания прошли в г. Астане и области, преследовавшие одну цель – комплексный подход и взаимодействие всех государственных и правоохранительных органов.

В своем докладе аким района Д.М. Кусаинов сделал сравнительный анализ раскрываемости преступлений прошлого и 4-х месяцев 2000 года, отметив при этом низкий процент раскрываемости по кражам скота, остановился на отсутствии взаимодействия акимов и участковых в селах Черниговка, Щербаковском, Майоровка, Байтуган, коснулся пока еще очень слабой работы с молодежью как профилактической – со стороны правоохранительных органов, так и культурных учреждений. Также отметил слабую работу фискальных органов по исполнению доходной части бюджета и на ряде других вопросов, подробнее о которых читатель узнает в следующем номере нашей газеты.

На некоторых проблемных вопросах остановился начальник Нуринского РОВД Б.К. Ахмедиев. Так, в первую очередь он отметил неправильную выдачу справок по скоту, следствием чего становится и его незаконный вывоз. Высказал пожелание по внедрению передового опыта других областей как, например, дежурство участковых в ночное время вместе с акимами. Указал на недоработки технической укрепленности объектов, высказался по профилактике охраны электролиний, борьбы с алкоголизмом и т.д.

Продолживший выступления прокурор района Б.М. Ахметов, отметил, что наряду со снижением, идет рост тяжких преступлений, а особо тяжкие остаются на уровне прошлого года. Он также согласился с мнением акима района о противоправных действиях некоторых сотрудников полиции, высказался по поводу бездействия врача-нарколога, пассивности со стороны акимов, которые зачастую прикрывают участковых, отчего страдает население.

В прениях были заслушаны выступления нового начальника налоговой полиции Т.Ш. Кульмагамбетова, акимов сел Черниговка и Трудовик (Е.Ж. Туранова и Ж.К. Ашимова), каждый из которых говорил об усилении методов по борьбе с преступностью и коррупцией на примерах своей работы.

И в заключение Д.М. Кусаинов признал разговор по данной теме состоявшимся, обратив при этом внимание акимов в будущем на более принципиальный подход во взаимодействии с фискальными и правоохранительными органами, что послужит дальнейшей стабильности в селах и действительному снижению роста преступлений.

**Н. ШЕВЧЕНКО.**

*ШКОЛЬНАЯ ЖИЗНЬ*

## ВПЕРЕДИ – ЭКЗАМЕНЫ

***25 мая закончился очередной учебный год. Для 608 выпускников-одиннадцатиклассников школ района этот учебный год стал завершающим в их школьной жизни, 570 учащихся заканчивают 9 класс. Впереди всех их ждет серьезное испытание – выпускные экзамены. О том, какие изменения произошли в сроках и порядке проведения выпускных экзаменов, корреспондент газеты Л. Гордиенко попросила рассказать главного специалиста районного отдела образования Н.Т. Рыспекову.***

- Согласно Закону Республики Казахстан "Об образовании" освоение общеобразовательных программ за курс основного общего и среднего общего образования завершается обязательной итоговой аттестацией выпускников организаций образования независимо от форм получения образования. Министерством образования и науки РК утверждена "Инструкция о порядке перевода, итоговой аттестации и выпуска учащихся организаций образования Республики Казахстан", которой будут руководствоваться учителя школ при проведении экзаменов и переводе учащихся в следующий класс. Что касается сроков сдачи экзаменов, то в этом учебном году срок сдачи экзаменов для одиннадцатиклассников сократился на 2 дня: с 1-го по 16 июня. Для девятых классов изменений нет: экзамены пройдут с 31 мая по 12 июня.

**- Нагима Тулеуовна, какие экзамены предстоит сдавать выпускникам в этом году?**

- Одиннадцатиклассники сдают письменный экзамен по родному языку и литературе в форме сочинения, которое будут писать 1 июня в течение 6 часов. Эта экзаменационная форма не применялась уже несколько лет, но в этом году к ней вернулись вновь. Темы сочинений были опубликованы давно, давно проводятся и консультации по этим темам. Кроме написания сочинения будут проведены экзамены по казахскому языку, русскому языку и математике, плюс два экзамена по выбору. Девятиклассники сдают 3 обязательных экзамена: казахский, русский, математику и один-два по выбору.

Устные экзамены проводятся по билетам в форме собеседования, тестирования или защиты рефератов. Форму проведения определяет педсовет школы. Экзамены по казахскому языку в школах с русским языком обучения проводятся по образцам примерных билетов, рекомендуемых областным департаментом образования, в устной форме, т.к. учащиеся должны уметь свободно выражать свои мысли на государственном языке, вести диалогическую и монологическую речь.

**-В каких случаях не проводятся выпускные экзамены?**

- Не проводятся выпускные экзамены в 1-4 классах, учащиеся которых аттестуются на основании четвертных и годовых отметок. В 5-8 и 10 классах проводятся переводные экзамены, необходимость проведения которых определяется решением педсовета самостоятельно.

**- Есть ли нововведения в экзаменационном процессе этого года?**

-К нововведениям можно отнести апелляционные комиссии, создающиеся в школах и отделах образования для проведения объективной аттестации учащихся. В случае несогласия с отметкой, выставленной за письменную работу, учащийся имеет право обратиться в трехдневный срок после объявления экзаменационной оценки в апелляционную комиссию. Председателем районной апелляционной комиссии утвержден заведующий районным отделом образования С.С. Жумабеков.

**- Есть ли в районе претенденты на аттестат и свидетельство с отличием?**

- Да, по району 11 претендентов на аттестат с отличием. Аттестатом с отличием награждаются выпускники, обучавшиеся на "отлично" последние два года – в десятом и одиннадцатом классах. Для подтверждения знаний одиннадцатиклассников их экзаменационные письменные работы будут отправлены на подтверждение отметки в областной департамент образования. 25 девятиклассников школ района претендуют на свидетельство с отличием.

**- Расскажите и об условиях приема в вузы.**

- Прием во все вузы, независимо от форм собственности, будет осуществляться на основании единого комплексного тестирования по баллам сертификатов. Количество грантов и кредитов в этом году будет увеличено на три тысячи. Особенно это касается специальностей нужных в настоящий момент на рынке труда: сельскохозяйственных, технических. Абитуриентам разрешено подавать заявление сразу на три специальности. Тестирование будет проходить по четырем предметам. К двух обязательным добавился еще один – математика. Четвертый предмет – профилирующий по специальности.

**- Ну что ж, впереди у выпускников школ ответственная и нелегкая пора сдачи выпускных экзаменов. Пожелаем им удачи!**

## НОВОСТИ ПОСЕВНОЙ

По данным департамента сельского хозяйства посевная 2000 года началась 12 мая. В это время уже 5 хозяйств приступили к работе.

На 24 мая полным ходом идут весенне-полевые работы во всем районе и из 190 тысяч запланированных гектаров засеяно уже более 75,5 тысяч га, что составляет около 40%.

В работе задействованы 1153 сеялки, как и планировалось. Правда, с начала недели посевы частично приостанавливаются из-за ежедневных дождей, которые просто залили земли района с 22 по 24 мая (в среднем от 8 до 10, местами до 14 мм).

Наивысшая производительность на сегодняшний день у кайнарцев и шахтерцев, засеявших уже более 10 тысяч га. Стабильно, без срывов идут пржевальцы. Наращивают темпы производственные кооперативы "Индустриальный", "Киевский" и "Донской".

Приступили к работе и крестьянские хозяйства, хотя пока еще многие из них ведут борьбу с сорняками, ищут семена, ждут сеялок.

Трудности есть. Но и надежда на то, что хозяйства справятся с заданиями в силу своей возможности, не покидает сельчан.

*АКТУАЛЬНО*

## САРАНЧА ГОТОВА К ПРЫЖКУ

**С библейских времен к нашествию саранчи приравнивались самые страшные бедствия. При массовом ее размножении число особей достигает нескольких сот и даже тысяч на один квадратный метр. Иногда под тяжестью саранчи ломаются деревья и кустарники. В поисках пищи она может передвигаться со скоростью до 30 километров в сутки.**

**12 мая в г. Астане при Министерстве сельского хозяйства состоялось совещание на тему борьбы с саранчой, а также недопущения ее залета в столичную зону, проводил которое заместитель министра А.И. Мырзахметов. Первая – теоретическая часть совещания включала в себе встречу с американской фирмой "Микромер", поставщиком техники по обработке с саранчовыми. Во второй – практической части присутствующие смогли ознакомиться с этой техникой для применения препаратов по обработке.**

**Основными вопросами, рассмотренными на совещании стали:**

**– координация работы хозяйствующих субъектов с районным штабом по борьбе с саранчой независимо от форм собственности и подчиненности;**

**– паспортизация всех опрыскивателей на норму расхода;**

**– объединения техники для производства работ и ее подчинение районному штабу;**

**– проработка взаимодействия соседствующих хозяйствующих субъектов по проведению совместных мероприятий (сельские акиматы);**

**– планирование совместных действий с пограничными хозяйствующими субъектами других областей и районов;**

**– хранение ядохимикатов;**

**– ежедневная отчетность в районный штаб через сельских акимов.**

**Кроме основных вопросов заслушивались отчеты о проделанной работе районных представителей различного ранга. А так как два хозяйства нашего района – село Энтузиаст и Майоровка, входят в 70-ти километровую столичную зону, то с докладом тех мероприятий, что проводятся у нас в районе, по данной теме на совещании выступил А.П. Романенко, заместитель акима района. На следующий день эти же вопросы поднимались на заседании районного штаба по борьбе с саранчой под председательством Д.М. Кусаинова, о чем мы сегодня и хотим познакомить наших читателей.**

Решение задачи по защите урожая от саранчовых является важной в районе на протяжении многих лет. Особую опасность для всех сельскохозяйственных угодий представляют стадные виды саранчовых – итальянский прус. В последние годы резко обострилась фитосанитарная ситуация во многих хозяйствах района, вызванная широким распространением, массовым размножением и дальнейшими миграциями вредных насекомых.

Основными причинами массового размножения саранчовых являются:

– заселение и размножение саранчовых на "бросовых" землях. В результате сотни, тысячи гектаров "бросовой" пашни остаются не обработанными и через 3-4 года превращаются в гнездилища саранчовых;

– повсеместные нарушения технологии возделывания сельскохозяйственных культур, упрощение системы обработки почвы и посев на необработанной стерне, способствующий распространению саранчовых;

– снижение эффективности и уменьшение объемов необходимых защитных мероприятий.

Поэтому во исполнение распоряжения акима Карагандинской области № 22 от 14.02.2000 г. "О мерах по организации и борьбы с саранчовыми в 2000 году" в Нуринском районе акимом издано распоряжение № 18-р от 21.02.2000 г., благодаря чему создан штаб по борьбе с саранчой в составе 11 членов, начальником штаба является аким района. Разработаны мероприятия по реализации распоряжения, составлен план, утвержденный акимом района, определены сроки и ответственные лица за исполнение. Кроме того, определены календарные сроки проведения весенних обследований земель, зараженных саранчовыми (по кубышкам) в 2000 году, проведено обследование территории района в местах откладывания кубышек осенью 1999 года.

По данным обследований заселений стадными саранчовыми составили 178 тысяч га, в т.ч. с численностью выше экономического порога вредности более 110 тысяч га, на которых необходимо будет провести в 2000 году защитные мероприятия химическим методом. Из них 60 тысяч га государственного запаса, которые будут обрабатываться полностью с республиканского бюджета, 50 тысяч га – хозсубъектов.

Агротехническим методом запланировано обработать против саранчи 15 тысяч га, фактически на 10 мая 2000 года проведено 47,0 тысяч га боронования, дискования земель, из них 23,7 тысяч га против саранчи.

Из пятидесяти тысяч гектаров, закрепленных за хозяйствующими субъектами, для обработки имеется 18 опрыскивателей заводского производства разных марок, кроме того, 12 опрыскивателей изготовлено хозяйствами как приспособленные по данным Госинспектора технадзора на 11.05.2000 года. С приспособлением в работе будет принимать участие 30 опрыскивателей. При дневной производительности одного опрыскивателя 60 гектаров однодневная выработка наземной обработки по району составит 1800 гектаров. В период массового отрождения будет производиться химобработка в течение 25 дней. Стало быть за этот период будет обработано 45 тысяч га земель, остальная площадь в 5 тысяч га ложится на плечи авиации.

Прежде чем начать работу, в каждом из хозсубъектов и сельских акиматов должны издаваться приказы и распоряжения сельских акимов. В этих документах необходимо расписать все мероприятия, связанные с саранчой: прохождение медосмотра и техники безопасности, обеспечение лиц, работающих с ядохимикатами, необходимыми индивидуальными средствами защиты, создание звеньев, ответственных лиц из числа агроперсонала за проведением этого мероприятия.

С наступлением благоприятных погодных условий необходимо приступить к наблюдению отрождения личинок итальянского пруса. В первую очередь надо будет смотреть многолетние травы, залежи, "бросовые" земли (2-4 года), обочины дорог. Для обследования привлекать незанятое население, предварительно обучив этой работе, соответственно, обеспечив их транспортом. Места отрождения личинок итальянского пруса необходимо отметить ветками для ориентира, так как при жаркой погоде они быстро передвигаются.

Напоминаю, отпуск препаратов производится только на стадные формы саранчовых (итальянского пруса) при наличии актов обследования сельхозугодий за подписью руководителя конкретного сельхозформирования, специалиста по защите и карантину растений райтеруправления, обследователя. В акте обязательно должно быть указано наличие опрыскивателей, марка, наличие ГСМ для обработки или наличие договора аренды на обработку с исполнителем, имеющим технику. Указать обследованную заселенную площадь, подлежащую обработке, (т.е. свыше 10 экз. на кв. м), а также указывается средняя численность на кв. метр и максимальная численность на какой площади.

По результатам весенне-контрольного обследования по кубышкам саранчовых обследовано 11653 га, в том числе земли хозсубъектов обследовано на 7789 га, из которых заселено 2122 га, взято почвенных проб на 50х50=26,3 количество кубышек на 1 кв. м. составило 953.

Климат благоприятствует саранче создавать места обитания на все увеличивающихся площадях заброшенных, зарастающих сорняками бывших пашень. Меры борьбы с этим опасным вредителем включают в себя распашку целинных и залежных земель, упорядочение пастбищного оборота, посевы трав, снегозадержание и другие агротехнические приемы. В угрожающих ситуациях не обойтись без использования авиации и мобильных наземных групп, располагающих техникой и пестицидами. Наиболее эффективным признан препарат димилин – ОФ-6, уничтожающий саранчу, но сохраняющий пчел, муравьев, хищных жужелиц и других полезных насекомых. Эффективно показал себя в производственных испытаниях опрыскиватель фирмы "Микромер". Его можно устанавливать в кузовах автомобилей. Наземная группа, вооруженная такой установкой, обладает большой производительностью и высокой маневренностью, не уступающей авиаобработке – и это при затратах в несколько раз меньших.

Так что можно сказать, что пока к прыжку саранчи мы готовы. Об эффективности профилактических работ будем судить по результатам проводимых мероприятий.

★ ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ - 55 ЖЫЛДЫҒЫ ТОЙЛАНДЫ

# Әлемде теңдесі жоқ Жеңіс күні




**55 - жыл. Бұл аз уақыт емес. Осыншама жыл тып-тыныш, сұрапыл соғыссыз, қан майдансыз, еш алаңсыз өмір сүрудің өзі бір бақыт емес пе?! Ұлы Жеңістің тағлымын бүгінге жеткізген, кешегі сұрапыл соғысты басынан өткерген абзал аталарымыз бен әжелеріміздің кейінгі ұрпаққа айтар сөзі, ақтарар сыры ұшан-теңіз. Сондықтан да бұл Жеңіс мейрамын атап өту кейінгі ұрпаққа парыз. Өздеріне алтын дәнін ырғалтып, жырғаулы тұрмыс сыйлаған, дүниені дүр сілкінткен Ұлы Жеңістің - 55 жылдығы нұралықтар қалай тойлады?!**

## 1. Қаһармандарға арналған салтанат

Ел басына күн туғанда етігімен су кешкен, қан майданның ортасында жаумен шайқасып, елінің тәуелсіздігі үшін жан алып, жан берісken соғысқа қатысып, оны ұтып шыққандардың бел ортасында нұралық ардагерлеріміздің де орны бір басқа. Ұлы Жеңістің 55 жылдығына арналған мерекелік шаралардың көш басында 6 мамыр күні Киевка кентінде аудандық Мәдениет үйінде Нұра жұртшылығының салтанатты жиналысы болып өтті. Аудан әкімі Құсайынов Дауылбай Мейрамұлы Қарағанды облысының әкімі Мұхамеджанов Камалтин Ескендірұлының мерекелік құттықтау хатын оқып таныстырғаннан соң, "9 мамыр - Жеңіс күні" деген тақырыпта баяндама жасады.

- Бір-екі күннен кейін біздің республикамыз, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының халықтары, бүкіл прогресшіл адамзат 1941-1945 жылдағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығын ерекше тойлап өтетін болады. Саяси және әлеуметтік қайшылықтармен өтіп жатқан бұл уақыт жойқын соғыстарымен де адамзат санасында қалады. Өйткені осы екінші дүниежүзілік соғыстың өзі қаншама халықты, қаншама ұрпақты қайғы-қасіретке душар етті. Біздің елімізде соғыс өрті шарпымаған отбасы жоқ десе де болады. Бұған кешегі Ұлы Отан соғысының ауыр зардаптары мен қиямет қиындықтарын бастан кешкен еліміздің тарихы дәлел. Бүкіл әлемдік өркениет тарихындағы ең қатыгез қырғынның тауқыметі мойнына түскен халықтың бастан кешірген қиын-қыстау күндерін Отан еш уақытта ұмытпайды.

1945 жылдың 9-шы мамырында 1418 күн мен түнге созылған сұрапыл соғыс Жеңіспен аяқталды. Әрине, Жеңіс оңайлықпен келген жоқ, оның жолы өте ауыр, өте қиын болды, оны Ұлы Отан соғысы тарихынан біз жақсы білеміз. Аса бір ерекше қиындықтармен қол жеткен осынау Жеңіс біздің халықтар достастығының, жауынгерлік борышқа адалдықтың, жалынды патриотизм мен Отанға шексіз берілгендіктің жарқын үлгісі ретінде тарихта қалды. Негізінен бұл отты жылдар бүкіл халқымыздың, әрбір азаматтың басына өте жауапты сын болды ғой.

Соғыс жылдары майданда көрсеткен ерекше ерліктері үшін Нұра бойының түлектері И.М.Колодий, С.А.Лебедевтарға Кеңес Одағының Батырлары атағы берілді. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктері үшін жерлесіміз Мұтәш Сүлейменов жауынгерлік Даңқ ордендарымен үш мәртебе наградталды, ол сонымен қатар Мәскеуде болған Жеңіс парадтарына төрт дүркін қатысқан санаулы ғана қазақстандықтардың бірі.

Отты жылдары соғысқа аттанған 608 нұралық жауынгер майдан шебінде қаза тапты, 950 адам хабарсыз кетті, 871 жерлесіміз елге оралды. Бұл күндері ауданымыздың көлемінде 99 соғыс ардагері бар, ал олардың бәрі қазір жетпістен асқан қариялар.

Мамыр айының 7-ші жұлдызында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері өзінің 8 жылдығын атап өтті. Бүгін оның әскери қатарында ардагерлеріміздің ұрпақтары, немерелері қызмет атқаруда. Олар республикамыздың егемендігі мен аумақтық тұтастығын қырағы күзетуде, өздерінің жауынгерлік шеберліктерін жетілдіре түсуде.

Ұлы Отан соғысындағы халқымыздың ерлігі адамзат тарихында, ұрпақтар есінде мәңгі сақталады. Туған халқына бостандық пен азаттық әперген аяулы ұлдарын, батыр жауынгерлерін еліміз әрқашанда ардақтайды, құрметтейді, еш уақытта ұмытпайды. Даңқты Жеңіс күні құтты болсын. Мерекелеріңізбен ардагер ағалар, қадірлі нұралықтар, - деді аудан әкімі Дауылбай Мейрамұлы.

Адамзат баласы өзінің даму тарихында 1941-1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысы өзінің ауқымымен, ұзақтығы жағынан теңдесі жоқ қиын кезең болды. Бұл соғыс қатыгездігі мен ымырасыздығы жөнінен ештеңемен салыстыруға келмейтін қияметтерді бастан өткерді. Онда жан алып, жан берісті. Соғысушы екі жақ не өлу, не тірі қалудың ғана жолын шешті. Ұлы Отан соғысы басталар алдында Батыс Европаның көптеген елдері Гитлер табанының езгісінде болды. Ұлы Отан соғысы тек совет халқы үшін емес, бүкіл адамзат үшінгі шайқас болды десек, әлемді шарпыған осы қанмайданға республикамыздан бір миллион екі жүз мыңдай адамның аттануы, әрине, аз сан емес. Әлемде бейбітшілікті, халықтар бауырластығын, болашағымыз бен бостандығымызды сақтап қалған майдангерлеріміздің 55-ші реткі салтанатты жиыны биыл тіптен де ерекше тойланды десек болғандай. Тарихта аты аңызға айналған Сталинград пен Курск шайқастары, Берлинді алу және екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңіс мәңгілік есте қалатыны даусыз. 1418 күнге созылған сұрапыл соғыс жылдарында біздің жерлестеріміз де жан аямай шайқасты. Облысымыздан 44962 адам шақырылса, солардың ішінен 17240-ы қайта оралмастан шайқас алаңында қалды. Олар өз өмірлерін болашақ үшін қиды. Бірақ, арттарында өшпес із, мәңгілік даңқ қалды.

Салтанатты жиналысқа қатысушылар қаза болған жайсаңдарын бір минут үнсіздікпен еске алды. Салтанатты жиналыста Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің ауданымыздағы тұратын соғыс ардагерлеріне кезекті әскери атақ беру жөніндегі бұйрығын аудандық әскери комиссариат басшысы оқып таныстырғаннан кейін, аудан әкімі Құсайынов Дауылбай Мейрамұлы, отставкадағы майор Х.Б.Ермағанбетов, Н.М.Мақажанов, В.И.Борисов, Н.П.Сморчковтарға отставкадағы подполковник, отставкадағы аға лейтенант С.А.Гайбутдиновқа отставкадағы капитан, лейтенанттар Ф.Д.Бондаренко мен Т.Қасембаевқа отставкадағы аға лейтенант шендері бойынша жаңа погондар табыс етті.



Ауданымыздағы Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне Президент атынан естелік Жеңістің 55 жылдығы құрметіне шығарылған кеудеге тағатын белгі мен арнайы жасалған қол сағаттары табыс етілді. Облыс әкімі мен аудан әкімінің мақтау грамотасы және 5 мың теңге берілді. Яғни үкілі үш конвертке тола сыйлық алған Ұлы Отан соғысы ардагерлері атынан Қарой аулынан келген Н.М.Мақажанов көкірек тола қуанышын жеткізді. Майдандастарын құттықтады.



Алапат қырғында фашизм індетімен қан төгіп күрескен кешегі майдангерлеріміз бен күн-түн бел шешпей еңбек етіп, тар жол, тайғақ кешкен, Ұлы Жеңісті жақындатқан тыл ардагерлерінің алдында басымызды иіп, қастерлеуге, жоқтарының аруақтарына дұға бағыштап, құрметпен еске алуға тиіспіз. Салтанатты бас қосу күні ауданымыздағы тыл ардагерлері 89 адамға екі мың теңгеден берілді. Сондай-ақ соғыстан қайтпағандар жұбайларына тағы да 11 адамға екі мың теңгеден, соғыстан аман оралып, кейінгі қайтқан 67 ардагер-соғыс мүгедектерінің жұбайларына әрқайсысына 2 мыңнан берiлiп, аудан әкімінің құттықтауымен бірге тапсырылды.

Ұлы Отан соғысы мен тыл ардагерлеріне салтанатты жағдайда сый-сияпаттар көрсетіліп лайықты сыйлықтар тапсырылғаннан кейін, Жеңіс күніне арналған мерекелік тақырыпта фестиваль өтті. Оған Киевка № 1, 2, 3 және Энтузиаст, Көбетей, Щербаков мектептерінің өнер қарлығаштары қатысып, Киевка № 2 қазақ орта мектебінің "Ана туралы баллада" қойылымы суырылып озды.

Аттары аңызға айналған соғыс және тыл ардагерлеріне түс әлетінде "Майрам" асханасында қонақасы берілді. Ақсақалдар мен әжелеріміз сонау қанмайданды ұмытып бейбіт өмірдің қуанышын бөлісіп бір сәт әсем ән, әдемі билеріне басты. Аудан басшыларының аспа-төк дастарханына, аңқылдақ, қонақжай салт-дәстүріне риза болды. Мұның өзі күннен-күнге қатарлары сиреп келе жатқан, уақыты өтсе де орны толмас, ешкімде пар келмейтін қарияларымыздың алдындағы перзенттік парызымыздың мысқалдай болса да өтелгені болар - дейді іс басында жүрген басшыларымыз. Дәл солай.

## II. Аруағына бас иеді талай ұрпақ

"Батырлар, хабарсыздар, белгісіздер,
Ұрпаққа мәңгілікке белгі - Сіздер
Сендердің олқы тұрмас қатарларын
Қашанда ұмытпайды Отандарың"

**(Мемориалдық тақтадан.)**

**9 мамыр - Жеңіс күні.** Ұлы Жеңіске 55 жыл толды. 1941-1945 жылдары барлық еліміз майдан мен тыл біртұтас өз Отанымызды қорғау үшін жанқиярлық күрес жүргізді. Мерекелік салтанат орталық алаңда жалғасын тапты. Елбасы мен облыс әкімінің құттықтау телеграммасын оқыған аудан әкімі Дауылбай Мейрамұлы 55 жыл мамыражай өмір сүріп жатқан еліміз халықтарымен бірдей аудан еңбекшілерін де Ұлы Жеңістің 55 жылдығымен Ұлы Отан соғысының және тыл ардагерлерінің көзі тірі ардақты азаматтарын мерекелерімен шын жүректен құттықтады. Осында боздақтарға және марқұм болған соғыс және тыл ардагерлеріне бағыштап дұға оқылды. Дала сахнасында мәдениет үйінің көркемөнерпаздары концерт берді. Мерекелік салтанат сан түрлі бағытта өтті. Жұрт мерекелік шеруге қатысты. Сол күні "Мәңгілік алау" мемориалы ашылды. Онда Ұлы Отан соғысының құрбандарын бір минөттік үнсіздікпен еске алды. Соғыс ардагерлері мемориалға гүл шоқтарын қойды. Жеңіс күнінің құрметіне салют берілді.

Ел басына күн туғанда етігімен су кешіп, ел қорғаған ардагерлердің бүкілхалықтық сыпатта өткен Жеңіс мерекесінің ел өміріндегі елеулі мейрам болып қалатынын сәт сайын еске түсіретін жаңалықтың бірі Киевка кентінің "Ленин" көшесіне орналастырылған соғыста қаза болып, қайта оралмаған 300 боздақтарға арналып қойылған мемориалдық тақтаның алдынан бойлап жүргенде, олардың рухына бас иіп өтпейтін жан болмақ емес. Мұнда Киевкалық және іргелес жатқан бөлімшелерден аттанған боздақтардың есімі жазылған. Салтанатты Жеңіс мейрамы күні естілген Шахтерлік Сальвассер Владимир Андреевич бастаған үрлеме аспаптар музыкасы сазгерлерінің асқақтаған айбынды үні мерекенің сәнін тіптен келтіріп тұрды. Сол күні "Жеңістің - 40 жылдығы" атындағы орталық паркте аудандық әскери комиссариат ұжымы солдаттардың әскери дала асханасын өмірге әкелді. Ардагерлер бұған да бір толқып қалды. Жекеленген адамдарда құрмет көрсетті. Нұра шаруашылығынан "Изенді" акционерлік қоғамының президенті Отарбаев Қанат Жариясұлы екі бірдей жеткен қошқарын ардагерлерге қонақасыға арнаса, коммерсант Шакира Қашағанқызы Жеңіс мерекесі күні 40 адамға түскі тамақ берді, әрі соғыс ардагерлеріне сыйлық таратты. Яғни ол 32 мың теңгеге құрмет көрсетті. Сондай-ақ, аудандық бюджеттен 1 миллион теңгенің қаржысы жұмсалды. Жеңістің 55 жылдығына арналған есте қалар, тарихи думанға ел-жұрт разы болды.

Осылайша халықтың шексіз алғысын, ұрпақтың шетсіз болашағын жасап ел құрметіне бөленген қымбатты ардагерлерімізге ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, мызғымас беріктік тілейміз. Батыр бабаларымыз Бөгенбай мен Қабанбайдың, Қарасай мен Абылайдың, Кенесары мен Бауыржанның рухы желеп-жебеп жүруіне ізгі тілек білдіру әрбір ұлт азаматының парызы демекпін. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің дүниежүзілік тарихи маңызы аса зор. Ұлы Жеңіс - халқымызға жарты ғасырдан астам бейбіт өмірді сыйлады. Тыныштықта өмір сүруді қамтамасыз етті. Сондықтанда бұл оқиға тарих бетіне, ұрпақ тағдырында алтын әріппен мәңгілікке жазылып қалды. Ягни бүкіл әлемге совет халықтарының күші мен рухын, ерлігін, батырлығын, өз Отанына деген сүйіспеншілігі мен шын берілгендігін дәлелдеді. Бұл бүкіл әлемге өз ар-намысын, тәуелсіздігін қорғайтын халықты ешқашан жеңуге болмайтындығын дәлелдеп берді.



Осы тарихи Жеңісіміздің ықпалымен жер жүзінің халықтары фашизмнің қалдығынан құтылып қана қоймай, отаршылдық дүниені күйретті, тәуелсіздік алып, БҰҰ-ға мүше болды. Мұндай жеңіске адамзат тарихында әлі ешбір халықтың қолы жеткен емес.

## III. Мұражай ашылды

Ұлы Жеңістің 55 жылдығына арналған сан-салалы мерекелік шаралардың аясында 6 мамыр күні Киевка кентінде ең әуелі мәдениет үйінде аудан жұртшылығының мерекелік рәсімі басталды. Оған күллі шаруашылық басшылары, ауыл әкімдері мен балғын бөбектер жиналды. Бұл көрініс Жеңіс тойының реңін тіптен келтірді. Ауданымыздың түпкір-түпкірінен жиналған Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлері әуелі Жеңіс мерекесі құрметіне арналып ашылған тарихи өлкетану мұражайының ашылу рәсіміне қатысты. Мұражайдың кіре берісінде керілген алқызыл лентаны қиюды Нұра ауданының әкімі Құсайынов Дауылбай Мейрамұлы, Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, ауданымыздың құрметті азаматы Ермағанбетов Хамит Барысұлына інілік үлкен ізетпен ұсынды. Ардагер есігін айқара ашқаннан кейін тарихи өлкетану мұражайының ұлттық бай салт-дәстүрімізді әспеттеп көрсеткен қазақтың алты қанат ақ ордасының төрінде аудан әкімі Құсайынов Д.М. ізгі тілек білдірді. Осыдан кейін игілікті істің басы қасында жүріп үлкен көмек жасаған аудан әкімінің орынбасары Есмағамбетова А.К. кезінде осы мұражайдың алғаш табан тасын қалаған қазір Қарағандыда тұратын Закарина Гүлнар Жұмажанқызына, бүгінде ұлттық мәдениетіміздің жаңаша бой көтеруіне өз үлесін қосып алда мұражайды Нұра өңіріндегі көрнекті ұлттық мәдени орталыққа айналдыруға ниет білдірген "Нұра" газетінің тілшісі Шәмей Білгішбай-қызына және осы іске көмектескен кітапхана ұжымына, демеушілік жасаған Урожайный АҚ президенті Нұрқат Зейнелұлына рахмет айтты. Осында Нұра халқының өткен кеткен өмірі мен соғыс және бейбіт кездердегі жетістіктері мен ұлттық өнерімізге тәнті болған ардагер ағаларымыз суретке түсіп, бейне таспаға жазылды. Мәре-сәре болды. Көбетейлік әнші-ұстаз Шәпен Қалтайқызы әйгілі сегіз серінің "Гауһартас" әнін шырқады. "Балдырған" би тобының алғашқы қарлығаштары "Аққу" биін билеп, бейбітшілік тіледі. Бұл "Көл тыныш болса - аққу да тыныш, Ел іргесі тыныш болса, халқымыз да тыныш" деген ниеттегі Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне білдірілген ақ тілек еді. Енді соғыс өрті шарпымасын, мұражайлар тек тыныштық күзетіне, халықтар достығын, ұлтымыздың мақтаныштарын ғана насихаттауға жазсын!

Жеңістің 55-жылдық мерекесін нұралықтар осылайша дүркірете тойлап өткізді. Ел аман болғай, Бейбітшілік заман болғай!

**Шәмей БІЛГІШБАЙҚЫЗЫ.**

**Суретте:** 1. Жеңістің 55 жылдығына арналған салтанатты жиналыстың ашылуы.

2. Ұлы Отан соғысының және тыл ардагерлері мен ауданымыз басшылары мемориалдық ескерткіштің жанындағы бір сәттері.

3. "Жеңістің - 55" жылдық мерекесінің құрметті меймандары солдаттардың жылжымалы дала асханасынан дәм татуда.

4. Тарихи өлкетану мұражайының ашылу рәсімінен. Ортада мақала авторы және көбстейлік ұстаз-әнші Шәпен Қалтайқызы.

# Мектеп - кеме, білім - теңіз

Білім ордасы № 2 қазақ орта мектебіне биыл 35 жыл толып отыр. 1964-65 оқу жылында алғаш осы мектепті бітіргендердің бірімін. 11 жыл оқып, білім алып жоғары оқу орнына түстім. "Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің" - дегендей соларға ұқсап өзім де ұстаз болдым. Бірі аға, бірі апа болып осы күнге дейін сыйласып жүрген Әния Әкімбекқызы, Рәшида Қабибқызы, Мейірхан Айтжанұлы алғаш қалам ұстатқан Әубәкірова Бәтен апай, сынып жетекшіміз Нұрғайша Жағанқызы менің орынды мақтанышым.

1965 жылы мектепте мұғалім болып, 1966 жылы жоғары оқу орнына түстім. 1970 жылы бітіріп, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болдым. Көп жыл оқу тәрбие ісінің меңгерушісі, 1991-99 жылға дейін осы мектептің директоры болдым. Мектепте көптеген қиындықтар кездесті. Жөндеуге қаражат бөлінбеді. Мұғалімдер жалақы ала алмай, орнына тек азық-түлік алды. Орталық жылу беретін жүйе жабылды. Мектептің жабылуына қауіп төнді. Бірақ ата-ана ұжымы, Нұрқан Хамзеұлы, Тыныбек Балабекұлы марқұм көп көмектерін тигізіп, мектептің жабылуын сақтап қалды. Аудан әкімінің орынбасары Бекет Бекбайұлының көмегімен екеулеп жүріп жеке пеш салып алдық. Ол кісіге рахметімді айтамын.

Мектептің мақсаты - білім мен тәрбиені ұштастырып "Атамекен" бағдарламасы бойынша жұмыс істеу болды. Алғаш Наурыз тойын өткізіп, қазақтың салт-дәстүрін көрсете білдік. Таза қазақ тілінде оқып, білім алып шығып жатқан қаншама жастар болды. Тіліміздің сақталуы, еліміздің сақталуы. Қазақ тілі терендетіп оқытылады. Компьютер сыныбы пән бөлмелері өз маңыздылығымен жарасым тапты. Тағы бір тарихи кезең болушы - алғаш Моңғолиядан келген бауырларымыздың балаларын қабылдадық. Жұмысқа да орнастырылып көмегімізді көрсеттік. Жолтайұлы Дөрвөд, Орынтайұлы Қайратбек өте жақсы бітіріп, жоғары оқу орнына түсті. Мектептің мұғалімдері де бар күш-жігерін аямай еңбек етті. Көп жыл жас ұрпаққа ұлағатты тәрбие берген ұстаздарымыз Жұмкен Рахымбайқызы,



Зәуре Әлтайқызы, Боташ Әбілқайырқызы, Үмітжан Әбдірашқызы, осылардың жолын қуған Күлпаш Дәукесқызы, Сағат Құлтасқызы тағы да басқа ұстаздарды мақтан тұтамын, әрі құттықтаймын. "Жас келсе іске" дегендей қазіргі мектеп басшысы Еркінтай Шынтайбайұлы Сүлейменов менің ізбарасым. Мектепке бар күш-жігерін салып жұмыс істеуде. Орынбасарлары Жұмкен Рахымбайқызы мен Бөпежан Нұрланқызы нәтижелі қызмет етуде.

Мектеп ұжымына шығармашылық табыс, зор денсаулық, бақытты ғұмыр, бала тәрбиелеуде қажымас қайрат тілеймін.

**Дәрібаев Тәңірберген ДӘРІБАЙҰЛЫ.**

**Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, аудандық білім бөлімінің тіл маманы.**

# ДАРҚАН ЖҮРЕКТІ – ДАРА БАСШЫ ЕДІ

*МЕКТЕП ТАРИХЫНАН*



Ұстаз өзінің барлық жігерін, білімін, бойындағы барлық бағалы касиетін өзінің окушыларына, халкына беріп отырады. Бұл игі касиеттер Тынекең сынды ағамыздың колынан келіп, кезінде қоғамға комакты үлес косканы белгілі. Оның өмірбаянына кыскаша ғана токталсак, Тыныбек Балабекұлы 1930 жылдын 10-шы акпанында Киевка селосында колхозшының жанұясында дүниеге келген. 1936 жылы бірінші сыныпка барып, 1945 жылы 9-шы сыныпты Казгородокта бітірген. Осыдан соң Қарағанды каласындағы физика, математика мұғалімдерін даярлайтын курсты бітіргеннен кейін Маржанкөл жетіжылдық мектебінде 1947-ші жылға дейін жұмыс істейді, Калинин жетіжылдық мектебінде аға пионервожатый, аудандык пионер үйінде директор, Қазак орта мекбетінде ага пионервожатый болады. 1952 жылы екі жылдық Қарағанды мұғалімдер институтын бітіргенен соң Калинин орта мектебінде физика, математика пәнінен дәріс берген.

1953-1972 жылдары ол Киевка орта мектебінде мұғалім және оку ісінің меңгерушісі болады. Сол жылдары Қарағанды педагогикалық институтын сырттай окып бітіріп, жоғары білім алады. 1972 жылдан бастап 1990 жылға дейін, яғни жиырма жылға жуық Киевка № 2 казак орта мектебінің директоры кызметінде жүріп зейнеткерлікке шығады. 1990-96 жылдар аралығында аудандык "Қазак тілі" коғамының жауапты хатшысы кызметін белсене аткарады. Кезінде аудандық архивте бас архивші де болды.

Ол - Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, бірнеше мәрте облыстық, аудандык білім бөлімдерінің Құрмет Грамоталарының иегері еді. Алайда Тыныбек Балабекұлы 1998 жылдың 26-шы наурызында 69-ға караған шағында дүниеден өтті. Бірак артында жолдасы мен ұрпағы калды. Жұбайы Сапура Жалтырқызы мектепте кітапханашы болған, казір-зейнеткер. Бұл шаңырактан екі ұл, төрт кыз, бәрі үйлі-баранды, халык шаруашылығының әртүрлі салаларында мамандыктары бойынша кызмет аткарып жүр.

Саналы ғұмырын осы мектептің өркендеп, дамуына, шәкірттеріне сапалы білім, саликалы тәрбие беруге арнаған Тынекенді нұралыктар, мұндағы зиялылар кауымының ұстазы, акылшы, жанашыры, коғамның бірегей еңбеккер есіл ері ретінде хан көтеретіні тегін емес. Ол адал ұл, аскар таудай әке, білікті маман, бірбеткей ұйымдастырушы болды. Алда казак орта мектебінің ұлағатты ағаның атымен аталуына, оны колдап, кошаметтеуге, аруағына бас иуге Нұрадай еліне ерлері сай өлкенің тумалары карыздар екенін айткым келеді. Халкымыздың тілін корғап, тілегін ұштап, ұлтымыздың болашак ұрпағы жолында аянбай тер төгіп, № 2 казак орта мектебінің ордалы ұяға айналуына коскан үлесі Тынекең маркұмның атымен аталып тұрса нұр үстіне нұр болар еді. Қайта, халыктан колдау тауып, күннен күнге көркейе түсетін даусыз. Дәл бүгінгідей мерейлі той күні Тыныбек Балабекұлын ауызға алмай өту әбестік болар. "Адам мың жасамайды - ұрпағы мың жасайды" десек, маркұмның отбасына бала-шағасына берекелі бакыт тілейміз. Өзінің саналы ғұмыры мен салауатты білімін, ерен еңбегін арнаған казак мектебінің шаңырағы мәңгілікке биіктен көрінгей.

**Шәмей БІЛГІШБАЙҚЫЗЫ.**

**Суретте:** Тыныбек Балабекұлының мектеп директоры болып жүрген жылдарғы бейнесі.

*КИЕВКА № 2 ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІНЕ - 35 ЖЫЛ*

# ҰЖЫМЫМЫЗ ҰЛТ МАҚТАНЫШЫНА АЙНАЛДЫ

Мұғалімнің дүние тануы, оның өмір жолы, онын әрбір кұбылыска калай карайтындығы, калайда барлык окушыға әсер етеді. Сондыктан да мұғалім өзінің мінез-кұлкы, жан дүниесі, әрекеттері, баска бірде-бір адамдарда болмайтын күшті бакылауда екендігін сезе біліп, өзін-өзі ұстай білу қажет екенін ауданымыздағы зейнеткер ұстаздарымыздың бірі - Сәтенова Мәруар Төлеубайкызы өмірден түйген тағлымы ретінде тілге тиек етті. Мұғалім өзінің барлық жігерін, білімін, бойындағы барлык бағалы касиетін өзінің шәкіртеріне, халкына беріп отырады десек, мұндай ұлағатты үлгінің кіршіксіз тап-таза касиетін осы № 2 казак орта мектебінің алғашкы түлектерінің бірі Мәнә апайдың бойынан табуға әбден болады. Ол осы мектептің жеке отау болғанына 35 жыл толған сәтте, өзінің 10 жылдыкты бітіргеніне де 35 жыл толғанына дөп келіп отырғанын мактанышпен атады.

- Бірінші түлегіміз, - дедіңіз ғой. Куаныш ұзағынан сүиіндіргей. Апай, сол түлектердің кімдер екенін білгім келеді, - дедім мен.

- Айтжанов Мейірхан, Айтжанов Ұлдаркүл, Серіков Әбдіғали, Мәдікенов Жарылғап, Бухпин Естай, маркұмдар Тұяков Бинаят, Совет, Жұмаділдинов Шалабай, Төлеубекова Шолпан, Есмағанбетов Айтбай, Әкімбекова Бәтікен катарлы 19 бала осы казак мектебінің алғашкы түлектеріміз. Сол үшінде маркұм болған парталастарымды еске түсіріп, көзі тірілеріміз казірде зейнеткерлікте отырған біздер алтын ұя мектебіміздің күннен-күнге көркейе түсуіне тілекпеспіз, - деді Мәнә апай.

Мектептің алғашкы шәкірті болған ұстаз-ана, енді өзінің шәкірттерін мактан тұтты. Киевка кентінің әкімі Тайбеков Балкен Мұхтарұлын мактан етті. Ол үздік те, тәртіпті өсті. Одан кейін аудандык Мәслихат хатшысы Топархан Рахымбекұлы өзімнің он жыл жетелеп, дәріс берген сыныбымның көшбасшысы, өзімнің оң колым болды. Бұлар жаксы баладан жаксы басшы туатынын көрсетті.

Мұғалімнің өзінің барлық касиетімен окушы алдында дара тұлға ретінде көрінуі шартты мәселе. Егер мұғалім өз бойындағы іс пен шәкірттеріне деген сүйіспеншілікті біріктірген сәтте, ол - кемел ұстаз болып мәңгі есте калады. Дәл осы тұста Сәтенова Мәруар Төлеубайкызы сол уакытта тіпті соғыстан кейінгі ауыр кезеңдерде жанкиярлыклен еңбек еткен ұстаздардың - ұстазын жаңағы айткан Кемел ұстаздарды аузына алды. Мереке күні аруактарына бас иді. Жоғының әруағына бас иді, барының касиетінен айналды. Әу дегенде күллі күшжігерін, жастык жалынын арнаған аруакты Тыныбек Балабекұлын мектеп өмірімен сабактастыра ол кісінің зор адамгершілігін, еңбекшіл касиетін баяндады. Маркұм Байтуғандык Жүсіп Сүлейменұлын, Мусина Шәрбән Накыпкызын, Әбілхайыр Имашұлын, Уәтәй Әубәкірұлын інісі Жанайдарды, Ескен Балабиұлын және казак балаларына орыс тілінен дәріс берген Афанасьева Надежда Павловна, Рогова Раиса Леонтьевна, Бомбакова Тамара Степановна, Козленко М.А. бастаған мектеп директорлары, ұстаздар кауымын еске түсірді. Бұл тарих таразысымен өлшенетін ұлаңғайыр еңбектің тері төгілген жас ұрпак жолында бар өмірін арнаған асыл жандардың ұзак мерзім осылайша есте сакталып калатын естелік ретінде айту ләзім.

Бұл, әрине, естелік. Осы кезенді ол мектептің "Алтын ғасыры" деп атады. Себебі, окушыға - ұстазы, ұстазға - окушысы сай болған. Дәлелі, білімге деген кұштарлык, тәрбие, адамгершілік, иман жүзділік бәр-бәрі бір карағанда-ак байкалып тұрған кез екен. Бұл ұстаздар согыстан кейінгі киын кезендерді бастан кешірді. Әрбір шаңыракты шарпыған кайғылы касіретті көрді. Олардың алдағы үміті болған калған ұрпакты тәрбиеледі.

- Алғашкы ұстазым Жахина Жамал Қанжанкызы анамдай болған жакын жеңгем еді. Бір үйде бірге тұрдык. Қызға тән кұрметтеген корғаным, акылшым, тәрбиешім болды. Қазакша тәрбиеледі. Бойыма білімге деген кұштарлыкты дарытты. Менің ғана емес ұстаздардың ұстазы болған Жамалымды ойласам, - деп Мәкен көз жасын ірікті. Ардакты ана, аяулы жар, кешегі өткен кайсар каһарман, Ұлы Отан соғысынын ардагері Елеукендей дүлдүл азаматтың серігі болудың өзі менің, баска шәкірттерінің мактанышы болмак. Біздің бакытымызға карай жоғарыдағы айтылған асыл азаматтардын, ұлтым, халкым деп туған адамдардың казак мектебінің шаңырағының астына топтасуының өзі тарихи мактаныш, - деді ол. Осындай ұлағатты ұстаздардан дәріс алып казак орта мектебінің касиетті де киелі алтын ордасының табалдырығын аттап тәлім алған шәкірттерінің өзін мерекелі күні Мәруар Төлеубайкызынан біліп калуға, кейінгі ұрпактың кұлағына сініріп отыруға тілек білдірдім. Олардын есімін айтсам, Нұраның төлтумалары. Қарағанды мемлекеттік университетінің проректоры Бекішов Қайролла Бекішұлы, медицина ғылымының докторы Сағатова Галина Аманбайкызы, жұбайы медицина ғылымының докторы Сейіт-Ахметов Ермек, Қазакстан Республикасының спикері Оралбай Әбдікәрімұлы, ғылым докторы Болат Әбдікәрімұлы, сенатор Думан Ахатұлы, тарих ғылымының кандидаты маркұм Исабеков Сапар Исабекұлы катарлы маркаскалардың өзінен-ак казак орта мектебінің шоктығы биік тұрғанын шынар шыңнан көрінетін мәртебесі айдан анык тұрғаны нұралыктардың мерейі емес пе! Әрбір ұстаз болсын, мейлі әрбір адам өзінің отбасы ордалы шаңырағымен сыйлы. Еңбек пен тұрмыс егіз десек, Мәнә Төлеубайкызының жұбайы маркұм Қайырбеков Зекен Рахымжанұлы осы мектепте физика пәнінен дәріс берген аяулы ұстаз болғанын жұрт мактанышпен айтады. Адал еңбек, асыл бейне ол кісінің отбасына да үлкен мерей әкелген мерзімдерді ағамыздың зайыбы былайша тұжырымдады - Артында Қуаныш сынды алтынның сыныгы калды. Қызым Алмагүл - шаңырағымыздың тағы бір жарык жұлдызы. Келінім Бағланым, аталарымның, балаларымның ата-бабаларымның тарихынан бір үздік сыры бар есімі тегін аталмаған немерем Әкімбегімді өбектеп, бауырыма кысып маукымды басып отырған бүгінгі тұрмысыма тәубә деймін. Енді жиенді болсам арманым жок, - деп толкиды Мәнә апамыз. Ләйім, солай болғай.

Қарлығаштың канатымен су сепкендей аялап өсірген ұл-кызының ортасында ғасыр жасап, шәкірттеріңіздің кұрметіне бөленгейсіз демекпін.

Сөз соңында айтарымыз, казірде ұлт мактанышына айналып ұлағатты кызмет жасап жаткан Киевка № 2 казак орта мектебінің 35 жылдык мерекесі алдында редакциямызға әдейілеп шакырған осында білім берген Мәнә Төлеубайкызы мектеп өмірі жайлы, ондағы ұлағатты ұстаздармен, үлгілі еңбек істеп мектеп мактанышына айналған ертедегі шәкірттері туралы тартымды сыр толғады.

Рахмет, жағыңыз түспей жамандык көрмеңіз. Той кұтты болсын!

**Шәмей БІЛГІШБАЙҚЫЗЫ.**



**Суретте:** 1969 жыл. Ұстаздар кауымы бір топ шәкірттерімен бірге. Артқы катарда оннан бірінші тұрған мектеп директоры - Тыныбек Балабекұлы, Нұрбекова Торғай (химиядан), Сейтжан Бекенұлы (тарихшы), Шәрбән Накыпкызы (бастауыш сынып жетекшісі), Мәруәр Төлеубайкызы (казак тілі әдебиеттен). Осы тұрған шәкірттердің сынып жетекшісі, Хансұлу Хакімкызы (орыс тілінен) дәріс бергендер.

# ОЙДА ЖОҚТА ҚАҒАЗҒА ТҮСКЕН ЕСТЕЛІК

Мен 1949 жылы сәуір айында Қарағанды облысының Нұра ауданындағы Қызыл-Шілік деген жерде өмірге келіппін. Қызыл-Шілік кайран кара Нұранын жағасында орналаскан түгін тартса майы шығатын жер. 20-30 үйден көп болмайтын. Адамдарының бәрі көпті көрген, небір өмір өткелдерінен өткен, жандары жайсаң, ауыздарын ашса көмекейлері көрінетін аккөңіл жандар еді.

6 жасымда сол жердегі бастауыш мектепке бардым. Ұстазымыз маркұм Нұрғали аға еді. Ол кісі музыкалык аспаптың бәрінде ойнайтын (пианинодан баска, мүмкін ол аспапта да ойнар ма еді егер болса). Нұрекеннің үйі кешке карай білуге кұмар, жаксы әңгіме естігісі келетіндердің, газет-журнал окығысы келетіндердің ордасы болатын. Ол кісінің өзі әңгімені өте жаксы айтатын, ал зайыбы Мәруә апай да бір келіскен адам еді. Апай казір ойласам Нұрекеңнен де білімді болды ғой деп ойлаймын. Есепті мұғалімімізден де бұрын шығаратын.

Осылайша 4 класты бітіргеннен кейін Киевкадағы орта мектепке келдім. Есепке онша жокпын. Орысша мүлдем түсінбеймін. Ең бірінші сабак, әлі күнге бүгінгідей есімде, денешыныктыру болды. Мұғалима әдемі келген орыс әйелі екен, дене бітімі одан да әдемі 45 минут сөйледі. Бір сөзін де түсінген жокпын. Біраз күннен кейін орыс тілінен диктант болды. Неше алғаным есімде жок, сөзді түсінбеген адам не жазды дейсіз. Киевканың орысша сөйлеп өскен кыздары Айтбала Сыздыкова мен Шолпан Дүйменовалар мені мазак кылып үнемі күліп жүретін. Орыс тілінен ең бірінші Роза апай ғой деймін атын ұмытпасам, сабак берді. Падеж, род дегендерді келістіріп түрып үйретті, одан соң грамматиканың патшасы Нұрғайша Ұсабаевна келді де орыс тілі мен әдебиеті билеп жүре берді. Мектептегі баска да көптеген ұстаздардың аркасында осы күнге дейін орыс тілінен ешкандай кемдік көрген жокпын. Көпшілігі, тіпті балаларым да казак мектебін бітірдім десем нанбайды.

Ал казак тілінен сабак берген ұстаздарым Әниә мен Мәнә мұғалімдердің жөні тіптен баска. Шығарма, мазмұндама жазудың небір жолдарын үйретіп, казак әдебиетінің, тіптен әлем әдебиетінің өкілдерімен де таныстырған осы кісілер. Екеуі де Алматы туралы бізге көп әңгімелейтін. Алматыны көруге, сол жерде білім алуға кұштар болуыма себеп болған әрі сол жерде окуға мүмкіндік беретін білім берген.одан соң казак радиосында еңбек етуіме, күнде ертеңгісін әуе толкынына шығып, казакстандыктарға кайырлы таң тілеп, жаңалыктармен таныстыруыма себеп болған да осы кісілер мен Киевка орта мектебінің ұстаздары Сіздер болатынсыздар.

Сол кездегі казактың маңдайына біткен жалғыз университетіне түсу үшін тарихтан да емтихан тапсыру керек кой. Бұл пәннен 5-ші кластан бастап сабак берген маркұм Ескермес Балабиев ағамызды калай еске алмаска. Ол кісі, өздеріңіз білесіздер, көп ізденетін, көп окитын, сол окығандарын каз калпында есте сактай алатын кабілетті адам еді ғой. Кездесе калсаң сұрайтыны жаңа кітап болатын. Үйіне дүние емес кітап жинады, жинап кана коймай онын бәрін окып, жастарға жеткізуге тырысты. Тарих сабағы кезінде ол кісі мүлдем окулыктан тыс нәрселерді айтып үлгеруге тырысатын, тарихты әдебиетпен, бүгінгі күнмен байланыстырып отырушы еді. Сол себепті тарихтан да емтихан тапсыру онша киынға түскен жок. Ағамыздың жаткан жері жайлы болсын деймін.

Тыныбек ағамыздың, Рашида апамыздың аттары аталмай жатса ол кісілердің кінәсі емес, сол пәнге ден койып, барынша түсініп оки алмаған өзімнен көріп, сол кезде бүгінде өмірге өте кажетті математикаға көңіл аудармағаныма өкінем. Егер өмірді кайта бастауға мүмкіндік болса 1-кластан бастап осы пәнге ерекше көзбен карар едім. Әттең не керек... Сол кезде мектеп бітірушілер Тыныбек ағамыздың тыңғылыктылығын, жалпы тәртіпке көзкарасын үйренсе өмірде көп нәрсеге колы жетер еді. Осындайда орыстың "Ели бы молодость знала, если бы старость могла" деген макалы еске түседі ғой.

Ал бізді өнерге, әнге кұштар кылған Мейірхан мұғалім ше? Әннің төресі "Бозжорғаны" сол кісіден үйреніп едім. Әлі күнге осы ән радиода орындалып жатса есіме ұзын бойлы, арыкша келген, караторы жігіт Мейірхан мұғалім мен жымиып кана күліп тұратын сол үйдегі жеңгей еске түседі. Ұмытпасам мен 5 не 6 класта окитын кезім ғой деймін, ал ол кісілер болса жаңа үйленген болатын. Ешкім жок жерде Мейірхан ағай жеңгейдің белінен кұшактап жүретін. Бірде арт жакта келе жаткан окушысы, мені, көріп екеуі де ұялып калып еді. Қандай тәрбиелік десеңізші. Мүмкін казіргі ұрпак мұны түсінбес. Ал мен болсам ол кісілерге іштей кызығып жүретінмін, махаббат деген осы екен ғой деп.

Айта берсе әңгіме көп кой. Неміс тілінің мұғалімі болатын Лилия Александровна Гельмут, осы кісінің берген білімінің аркасында шет тілінен де жоғары оку орнында кысылған жокпын. Тіптен сол біліммен тіл үйренуді киналмай-ак әрі карай жалғастыруға болар еді, амал не ерiншектік пен тұрмыс билеп кетті. Ал Баркалов деген мектеп директоры болатын, біріңіздің есіңізде бар, біріңізде жок шығар, жылы жүзді зиялы жан еді. Мектептің бір бөлмесінде тұрды, өзінің азын-аулак кате кеткеніне менен, окушысынан кешірім сұрап еді. Тағы да көптеген аты аталмаған ұстаздарымнан кешірім өтінем. Қарлығаш өмірбаянымды сұратып сәлем айтты деген хабардан кейін осы окиғалар еске түскені. Сонда ойладым, менің өмірбаяным кімге керек, тау копарған жокпын, тас жармадым, тым биіктегенім де жок, бірак Сіздерді ұятка да калдырғаным жок. Сондыктан бүгінгідей күні баршаңыздың алдарыңызда, казіргі киын шакта ұстаздыкты тастамай өз басын ойлап жан-жакка шашырап кетпей, балаларға білім, тәрбие беріп келе жаткан жандардын алдында басымды иемін. Мектептің әлі де атын шығаратын талантты шәкірттеріңіз көбейе берсін. Қазағымыздың рухы жоғары болсын.

**Ізгі тілекпен: Киевка орта мектебінің окушысы**

**Үмітжан БАЛТАЕВА.**

*БЛАГОУСТРОЙСТВО*

# ЧИСТОТУ – КАЖДОМУ ДВОРУ

В связи с принятием решения акима Карагандинской области № 50 от 07.04.2000 года "О проведении весенних работ по санитарной очистке, благоустройству и озеленению городов и населенных пунктов области" и на основании решения акима Нуринского района № 83 от 18.04.2000 г. у нас в районе проводится 2-х месячник по санитарной очистке.

На каждой усадьбе ежедневно образуется определенное количество различного рода отбросов. Их скопление загрязняет воздух, воду, почву, жилище. Отбросы являются благоприятным местом для размножения мух, для скопления различных болезнетворных микробов. Правильный сбор и вывоз мусора, навоза на усадьбах имеет большое оздоровительное значение, о чем мы неустанно напоминаем.

Еженедельно по пятницам проводится санитарный день по очистке территорий, закрепленных за предприятиями, организациями всех форм собственности, учебными заведениями, лечебными учреждениями. За каждым сотрудником Нуринской санэпидемстанции закреплены улицы частного сектора п. Киевка, по которым ведется постоянный контроль. За текущий период работниками санэпидемстанции дано 221 предупреждение лицам частного сектора по уборке территории возле дворов и прилегающих к ним части улиц. Повторные проверки показали, что наибольшее количество предупреждений выполнено в срок. Кроме того, составлен протокол на Ж. Дюсембина, ул. Мира, 9.

Несмотря на предупреждения, данные санэпидемстанцией, такие жители как Зоммерг и Тимм, проживающие по ул. Пржевальского, 30 и 39, не убрали территорию возле своего двора, за что будут оштрафованы.

О жильцах двухэтажных домов по улицам Кунаева и Автобазы вообще отдельный разговор. Они еще ни разу своевременно не очистили свою территорию. Видимо, уже просто привыкли жить в грязи, а ведь чистота в доме, на усадьбе, улице, местах общего пользования зависит от каждого из нас в отдельности. А потому все мы должны понимать значение и цель санитарной очистки, значит, сознательно относиться к соблюдению всех санитарных требований.

**М. ШЕВЧЕНКО,**
**помощник санитарного врача Нуринской СЭС.**

# ВЕТЕРАН БЛАГОДАРИТ ЗА ПОМОЩЬ

В редакцию обратился участник Великой Отечественной войны Утеген Оралович Омаров с просьбой выразить сердечную благодарность директору Киевской средней школы № 2 Е.Ш. Сулейменову, преподавателю-организатору НВП Б.К. Биргебаеву за организацию, а учащимся 10 класса этой же школы Ерболу Шораеву, Берику Бахридинову, Арману Мухамеджанову, Даулету Акимжанову за непосредственную помощь в переноске угля, оказанную ветерану в преддверии Дня Победы. Редакция газеты с удовольствием выполняет просьбу ветерана Великой Отечественной и желает и Утегену Ораловичу, и тем, кто пришел к нему на помощь в решении его хозяйственных проблем, крепкого здоровья и благополучия. Так держать, сыновья и внуки тех, кто, не жалея себя, завоевал Победу в грозные годы войны!

# Руководителям хозяйствующих субъектов всех форм собственности, акимам поселков и сел

В связи с тем, что в большинстве регионов республики начинаются широкомасштабные химические обработки против саранчовых вредителей, Министерство сельского хозяйства обращает внимание на необходимость создания на местах условий для безопасного применения инсектицидов, в первую очередь на обеспеченность индивидуальными средствами защиты, аптечками первой доврачебной помощи, организации специально оборудованных мест по обеззараживанию спецодежды и средств индивидуальной защиты. Лица, допущенные к работам, связанным с применением инсектицидов, должны быть проинструктированы и пройти медосмотр.

В местах работы с инсектицидами должны быть вывешены наглядные пособия, инструкции, плакаты и памятки о мерах безопасности при использовании пестицидов и правилах оказания первой помощи при отравлении.

В соответствии с "Санитарными правилами и нормами по хранению, транспортировке и применению химических средств защиты растений" (Алматы, 1999 г.) перед проведением химических обработок участков, расположенных вблизи населенных пунктов, необходимо установить предупреждающие знаки и заблаговременно с помощью средств массовой информации оповестить жителей о предстоящих работах и сроках их проведения, а также о времени, в течение которого запрещается пребывание людей и выпас скота в обработанной зоне. О сроках проведения химических обработок должны быть оповещены владельцы пасек, чтобы заблаговременно принять меры по их переносу в безопасную зону. Кроме того, необходимо принять меры, чтобы в период обработки источники водоснабжения (колодцы и др.) были надежно укрыты, а также строго выдерживать размер санитарно-защитных зон, которые обрабатываются в исключительных случаях и только используя малоопасные инсектициды.

**А. МЫРЗАХМЕТОВ,**
**вице-министр.**